

Кейбір қаулылардың күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 2 наурыздағы № 174 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Жетісай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

"Қала, кент және ауылдық округ әкімі аппараттарының ережелерін бекіту туралы" Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 6 қыркүйектегі № 609 қаулысы;

"Мемлекеттік мекемелердің ережелерін бекіту туралы" Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 6 қыркүйектегі № 610 қаулысы;

2. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Мамытов